



**Банк развития  
Казахстана**

**ТОҒЫЗЫНШЫ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА  
ШЕГІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ  
БІРІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ**

**Эмитенттің толық атауы: «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы**

**Эмитенттің қысқартылған атауы: «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ**

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеу проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжатта қамтылған ақпараттың дұрыстығын растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда ұсынылған барлық ақпараттың дұрыстығын және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялар айналысы кезеңінде эмитент Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығында ақпаратты ашуды қамтамасыз етеді.

**Астана қ., 2023 ж.**



1. Осы облигациялар шығарылымы (бұдан әрі – «Облигациялар») «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Эмитент») тоғызыншы облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

2.1. Облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу күні:

осы проспектіні мемлекеттік тіркеу Эмитенттің тоғызыншы облигациялық бағдарламасының проспектісін мемлекеттік тіркеумен бір мезгілде жүзеге асырылады.

2.2. Шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның көлемі:

150 000 000 000 теңге.

2.3. Облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың барлық алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әрбір шығарылым бойынша жеке):

Облигациялардың осы шығарылымы Эмитенттің тоғызыншы облигациялық бағдарламасы шегіндегі бірінші шығарылым болып табылады.

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

3.1. Облигациялардың түрі (егер облигациялар өтеу мерзімі жоқ облигациялар болып табылса, бұл туралы мәліметтер көрсетіледі):

Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар.

3.2. Бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):

Облигациялардың номиналды құны белгіленген шама болып табылады және 1 000 (бір мың) теңгеге тең.

3.3. Облигациялар саны:

16 000 000 (он алты миллион) дана.

3.4. Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:

16 000 000 000 (он алты миллиард) теңге.

3.5. Облигацияның номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:

Барлық төлемдерді (сыйақы төлемдері мен негізгі борыш сомаларын) Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңгемен) жүзеге асырады.

Егер Облигациялар ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, Облигациялар бойынша борыштың және (немесе) есептелген сыйақының негізгі сомасын төлеу Облигациялар ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банктік шот болған жағдайда теңгемен жүргізілетін болады.

Төлемді жүзеге асыру кезінде Эмитент Қазақстан Республикасының бейрезиденті Облигациялар ұстаушыдан тиісті жазбаша өтінішті тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей алған жағдайда ғана теңгені АҚШ долларына және Еуроға айырбастауға жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастау Облигациялар ұстаушысы – Қазақстан Республикасының бейрезиденті есебінен жүргізіледі. Эмитенттің айырбастау кезінде туындайтын шығыстары Облигациялар ұстаушыға – Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударылуға жататын сомадан ұсталатын болады.

Облигациялар ұстаушы – Қазақстан Республикасының резидентінің пайдасына Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға



жол берілмейді.

#### 4. Орналастырылатын облигацияларды төлеу тәсілі:

Осы шығарылымның Облигацияларын төлеу қолма-қол емес нысандағы ақшамен жүргізілетін болады.

#### 5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

5.1. *Облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің және ол болған жағдайда қосымша сыйақының мөлшері. Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алу басталуы немесе басталмауы байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі:*

Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялар айналысының бүкіл мерзімінде өзгермелі болып табылады.

Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі TONIA (Tenge OverNight Index Average) Compounded және бекітілген маржа көрсеткішінің сомасынан қалыптастырылады.

TONIA Compounded келесідей есептеледі:

$$(TONIA\ Indexend/TONIA\ Indexstart - 1) \times (365/dc)$$

мұнда:

«dc» есептік кезеңдегі TONIA IndexStart (қоса алғанда) және TONIA IndexEnd үшін индекстерді анықтау күндері арасындағы нақты күнтізбелік күндер санын білдіреді;

«Сыйақыны есептеу кезеңі» сыйақыны төлеудің алдыңғы күнін (немесе сыйақыны төлеудің алдыңғы күні болмаса, облигациялар айналысының басталу күнін) қоса алғанда, жарты жылдық кезеңді (тиісті уақытша база қолданылатын сыйақының бірінші және соңғы купондық кезеңдерінен басқа) сыйақыны төлеудің келесі күніне дейін (немесе сыйақыны есептеудің соңғы кезеңі болған жағдайда өтеу күнін).

«TONIA Index» кез келген күнтізбелік күнге қатысты Қазақстан қор биржасы («KASE») KASE ресми сайтының тиісті бетінде тиісті күні сағат 20:00-ден (Астана уақыты) кешіктірмей TONIA анықтамалық мөлшерлемесінің әкімшісі ретінде жариялайтын «TONIA Compounded Index (TCI)» мәнін білдіреді;

«TONIAIndexEnd» он төрт күнтізбелік күн ішінде (i) тиісті купондық кезеңге жататын сыйақыны төлеу күнінің алдындағы күні (ii) облигацияларды өтеу күніне соңғы купондық кезең жағдайында (iii) TONIA Compounded көрсеткішін айқындаудың есептік кезеңінің аяқталу күніне ("Индексті анықтау күні") жататын сыйақы төлеу күнінің алдында; білдіреді;

«TONIAIndexStart» TONIA Index мәні сыйақы есептеу кезеңінің бірінші күнінен он төрт күнтізбелік күн бұрын болатын күнді білдіреді («Индексті анықтау күні»)

Бекітілген маржаның мөлшері «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – «Алғашқы жүзеге асқан сауда») ережелеріне сәйкес өткізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда-саттықты өткізу қорытындылары бойынша айқындалатын болады.

Ағымдағы купондық кезеңдегі жылдық купондық мөлшерлеменің мөлшері туралы ақпаратты Эмитент 10-нан кешіктірмей «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) (бұдан әрі – «Биржа») арқылы облигацияларды ұстаушылардың назарына Сыйақы төлеудің тиісті күнінің алдындағы 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей жеткізеді.

Облигациялар бойынша қосымша сыйақы жоқ.

5.2. *Сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні:*



Облигациялар бойынша сыйақы төлеу соңғы сыйақыны төлеуден бөлек, Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде жылына екі рет 21 (жиырма бірінші) маусымда және 21 (жиырма бірінші) желтоқсанда жүргізіледі. Соңғы купондық сыйақыны төлеу Облигацияларды өтеу кезінде борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында облигациялар ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді (бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің орналасқан уақыты мен орны бойынша) (бұдан әрі - «тіркеу күні»).

**5.3. Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталатын күн:**

Сыйақыны есептеу Облигациялар айналысы басталған күннен бастап жүзеге асырылады және Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күнінде аяқталады.

**5.4. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:**

Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу Облигациялар ұстаушылардың банктік шоттарына сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап күнгізбелік 15 (он бес) күн ішінде ақша аудару (теңгемен) жолымен жүзеге асырылады (бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің орналасқан уақыты мен орны бойынша).

Облигациялар ұстаушылардың тізілімі тиісті купондық кезеңнің соңғы күнінің басында бекітіледі.

Купондық сыйақы бірінші және соңғы купондық сыйақыдан басқа купондық сыйақының номиналды құны мен жартыжылдық мөлшерлемесінің туындысы ретінде есептеледі

Бірінші және соңғы кезеңде төленуге жататын купондық сыйақы тиісті уақыт базасын қолдана отырып, номиналды құнның және купондық сыйақы мөлшерлемесінің туындысы ретінде есептеледі.

Сыйақының соңғы төлемі Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

**5.5. Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:**

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу айналыстың бүкіл мерзімі ішінде жылына 365 (үш жүз алпыс бес) күннің уақытша базасы және айдағы нақты күндер саны есебінен жүргізілетін болады.

**6. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде жобалық қаржыландыру кезінде қосымша көрсетіледі:**

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның түсу талаптары және болжамды мерзімдері;

2) облигацияларды ұстаушыларға негізгі шарт бойынша құрылған мүліктің меншік иегерінің ауысқаны және кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат ұсыну тәртібі;

3) бөлінген активтердің есебінен жүзеге асырылатын жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетумен, инвестициялық басқарумен байланысты арнайы қаржы компаниясы шығыстарының тізбесі;

4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі);

5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі.

Қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

**7. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде секьюритизация кезінде қосымша көрсетіледі:**



- 1) *оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері;*
- 2) *секьюритилендіру мәмілесіндегі оригинатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;*
- 3) *талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі;*
- 4) *бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі;*
- 5) *талап ету құқықтарының біртектілік өлшемдері;*
- 6) *сыйақы төлеу және бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу тәртібі мен кезектілігі;*
- 7) *арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандырудың тәртібі мен кезектілігі.*

Қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

## **8. Облигацияларды орналастыру талаптары және тәртібі:**

### *8.1. Облигацияларды орналастырудың басталған күні:*

Облигацияларды орналастыру Облигациялар айналысы басталған күннен бастап ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналыстың бүкіл мерзімі ішінде жүргізіледі.

### *8.2. Облигацияларды орналастырудың аяқталған күні:*

Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күні болып табылады.

### *8.3. Облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):*

Облигацияларды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығына орналастыру жоспарлануда.

## **9. Облигациялардың айналыс шарттары мен тәртібі:**

### *9.1. Облигациялар айналысының басталу күні:*

Облигациялар айналысының басталу күні осы аңдатпаның шарттарына сәйкес Алғашқы өткізілген сауданы өткізу күні болып табылады.

Облигациялар айналысының басталу күні туралы ақпарат Биржаның интернет-ресурсында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жарияланатын болады.

### *9.2. Облигациялар айналысының аяқталу күні:*

Облигациялар айналысы басталған Күннен бастап 3 (үш) жыл өткен соң.

### *9.3. Айналыс мерзімі:*

Облигациялардың айналыс мерзімі Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 3 (үш) жылды құрайды.

### *9.4. Облигациялардың айналысы жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):*

Облигациялардың айналысы ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында да, ұйымдастырылмаған нарығында да жоспарланған.

## **10. Облигацияларды өтеу шарттары мен тәртібі:**

### *10.1. Облигацияларды өтеу күні:*

Облигациялар Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде өтеледі.

### *10.2. Облигацияларды өтеу тәсілі:*

Облигациялар Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он



бес) күн ішінде Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша Облигациялар ұстаушылар тізілімінде тіркелген Облигациялар ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлей отырып, Облигациялардың номиналды құны бойынша өтеледі.

Эмитент барлық төлемдерді - сыйақы төлеу мен Облигацияларды өтеуді қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.

*10.3. Егер Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу Облигациялар шығару проспектісіне сәйкес өзге де мүлдіктік құқықтармен жүргізілсе, осы құқықтардың, олардың сақталу тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың ауысуын іске асыру тәртібі келтіріледі:*

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнын төлеу өзге мүлдіктік құқықтармен жүргізілмейді.

## **11. Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда мыналар көрсетіледі:**

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – «Бағалы қағаздар рыногы туралы заң») 15 және 18- 4-баптарында белгіленбеген Облигацияларды шығару үшін сатып алудың қосымша шарттары жоқ.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасында эмитенттердің бастамасы бойынша Облигацияларды сатып алуды жүзеге асыру тәртібі көзделмегенін назарға ала отырып, осы тармақ Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібінің, шарттары мен мерзімдерінің сипаттамасын қамтиды.

### *11.1. Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары:*

Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент өз Облигацияларын ұйымдасқан нарықта олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде сатып алуға құқылы. Эмитенттің Облигацияларды сатып алу бағасы, сатып алу тәртібі, шарттары мен мерзімі Директорлар кеңесінің тиісті шешімімен айқындалатын болады.

Сатып алынған Облигациялар өтелген деп саналмайды және оларды Эмитент қайта сата алады.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы Облигациялар сатып алынатын Облигациялар ұстаушылардың құқықтарын бұзуға әкеп соқпауы тиіс.

### *11.2. Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері:*

Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі Директорлар кеңесі осындай шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің ішкі құжаттарында, Биржаның ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіде белгіленген тәртіппен Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигациялар ұстаушылардың назарына жеткізілетін болады. Хабарламада Эмитенттің Облигацияларды сатып алу тәртібі, шарттары және сатып алу жүргізілетін күн көрсетілуі тиіс.

Облигацияларды сатып алу жүзеге асырылғаннан кейін орналастырылған (сатып алынған облигацияларды шегергенде) облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент Биржаның ішкі ережелеріне сәйкес ашады.

## **12. Егер Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда, мыналар көрсетіледі:**

### *12.1. Эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:*

Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде Эмитент келесі қосымша ковенанттарды (шектеулерді) сақтауы керек:



- а) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листингтік шартта және (немесе) Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу;
- б) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листингтік шартта және (немесе) Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімін бұзуға жол бермеу.

#### 12.2. Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде эмитенттің іс-қимыл тәртібі:

Осы тармақта көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда, Эмитент бұзушылық басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, осы бұзушылықтың туындау себебін, осы бұзушылықты жою әдісі мен мерзімін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, Эмитенттің ішкі құжаттарында, Биржаның ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіде белгіленген тәртіппен Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигациялар ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Осы тармақтың 12.3-тармақшасында көрсетілген өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы Облигациялар ұстаушылардың жазбаша талаптарын қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейінгі күнтізбелік 45 (қырық бес) күн ішінде Эмитенттің Директорлар Кеңесі сатып алу күні және сатып алуға жататын Облигациялардың саны көрсетілген Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Сатып алынатын Облигациялардың санын Эмитент Облигациялар ұстаушылар берген жазбаша сатып алу талаптары негізінде ғана анықтайды.

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент бұл туралы Облигациялар ұстаушыларға Эмитенттің ішкі құжаттарында, Биржаның ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіде белгіленген тәртіппен Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы хабарлайды.

Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде сатып алады.

#### 12.3. Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Облигациялар ұстаушылардың іс-қимыл тәртібі:

Осы тармақта көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, Облигациялар ұстаушылардың кез келгені осы тармақтың 12.2-тармақшасында көзделген тәртіппен Эмитенттің шектеулерді (ковенанттарды) бұзғаны туралы ақпаратты алғаш жариялаған күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Эмитентке (мекенжайы бойынша) өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы тиісті жазбаша талап қою арқылы өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Облигациялар ұстаушы жазбаша талапты еркін нысанда мынадай деректемелерді көрсете отырып береді:

- заңды тұлға үшін: Облигациялар ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) берілген күні және берген органы; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;
- жеке тұлға үшін: Облигациялар ұстаушының тегі, аты және бар болса, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні және органы; тұрғылықты жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі.



Сатып алуға өтініш бермеген Облигациялар ұстаушылардың осы проспектіде көрсетілген олардың айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін өздеріне тиесілі Облигацияларды өтеуге құқығы бар.

**13. Айырбасталатын облигацияларды шығару кезінде қосымша мынадай мәліметтер көрсетіледі:**

*1) облигациялар конвертацияланатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасын белгілеу тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар;*

*2) облигацияларды конвертациялау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланатын болса, конвертациялаудың аяқталу күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланбайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).*

*Банктер туралы заңның 61-10-бабында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға конвертациялау талаптарын көрсетеді.*

Осы шығарылымның облигациялары айырбасталмайды.

**14. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:**

*1) осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;*

*2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;*

*3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі.*

Облигациялардың бұл шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

**15. Кепілдік берген тұлғаның атауы, орналасқан жері, кепілдік шартының деректемелері, кепілдік мерзімі мен шарттары (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе) көрсетілген деректері.**

Облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілмеген.

**16. Инфрақұрылымдық Облигациялар шығару кезінде - концессия шартының деректемелері және мемлекет кепілгерлігін беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары.**

Осы шығарылымның Облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

**17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:**





*Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары.*

*«Жасыл», әлеуметтік облигациялар, тұрақты даму облигациялары және тұрақты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда, Эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі.*

*«Жасыл» облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі.*

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты Эмитент «жасыл қаржыландыру» саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттарға сәйкес келетін «жасыл» жобаларды қаржыландыруға және қайта қаржыландыруға бағыттайтын болады. Жобаларды іріктеуді Эмитент Басқармасының 2022 жылғы 1 ақпандағы шешімімен (№5/22 хаттама) бекітілген және және Эмитенттің «жасыл» облигациялардан ақша қаражатын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асырудағы жалпы ережелерін, бағыттарын, негізгі қағидаттарын, мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын Эмитентінің «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының жасыл облигациялар саласындағы саясаты» ішкі құжатына (бұдан әрі - «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының жасыл облигациялар саласындағы саясаты) сәйкес жүзеге асырады.

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының жасыл облигациялар саласындағы саясатына сәйкес жобаларды қаржыландыру үшін «Қазақстан қор биржасы (Kazakhstan Stock Exchange)» АҚ немесе «Астана» халықаралық қаржы орталығының биржасы (Astana International Exchange Ltd.) алаңында қазақстандық эмитенттер шығарған жасыл облигацияларды сатып алуға бағытталуы мүмкін.

*Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда, қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі.*

Қолданылмайды. Осы шығарылымның Облигациялары әлеуметтік болып табылмайды.

*Орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда, комбинацияны қаржыландыру (іске асыру) үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын «жасыл» және әлеуметтік « жобалардың қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі.*

Қолданылмайды. Облигациялар тұрақты даму облигациялары болып табылмайды.

*«Жасыл», әлеуметтік облигациялар және тұрақты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша мыналар көрсетіледі:*

*қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты жария етуді эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері;*

Эмитент жыл сайын 25 желтоқсанға дейін Облигациялардан түскен қаражаттың пайдаланылуы, олардың нысаналы мақсаты және «жасыл» жобалар қызметінің қоршаған ортаға әсері туралы есептілікті ашады. Есептілік Эмитенттің ресми интернет-ресурсында жариялануға тиіс ([www.kdb.kz](http://www.kdb.kz)).

*егер қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмесе, Эмитент қабылдайтын шаралар.*

Қаржыландыру Эмитенттің Облигацияларды орналастырудан алған қаражаты есебінен жүзеге асырылатын «жасыл» жобаларды іске асыру кезінде Эмитент осы жобалардың Саясатта көрсетілген қағидаттар мен стандарттарға сәйкестігіне тұрақты мониторингті жүзеге асыратын болады. «Жасыл» жобаларды қаржыландыру бойынша шешімді қабылдау процесінде Эмитенттің уәкілетті тұлғасының / органының / тобының міндетті түрде оң қорытындысының болуы



көзделгенін назарға ала отырып, Саясатта белгіленген қағидаттарға сәйкес келмейтін жобаны қаржыландыру ықтималдығы алынып тасталды. Бұл ретте, егер қаржыландыру үшін облигацияларды орналастырудан түскен ақша пайдаланылған жоба «жасыл» жобалар үшін Саясатта белгіленген қағидаттарға сәйкес келмей қалған жағдайда, Эмитент мынадай шараларды қабылдайды:

- 1) Осы жобаны Эмитенттің жасыл жобалар портфелінен алып тастайды және (а) бұрын осы жобаны қаржыландыруға бағытталған Облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты жеке жасыл шотқа қайтаруды жүзеге асырады не (б) алып тасталған жобаны Саясатта белгіленген қағидаттарға сәйкес келетін өзге жобамен және (немесе) активпен ауыстыруды жүзеге асырады.
- 2) Эмитенттің 1)-абзацта көрсетілген шараларды іске асыруы мүмкін болмаған жағдайда, Эмитенттің уәкілетті органы Облигацияларды делистингтеу туралы шешім қабылдайды және Эмитент Облигацияларды шығару проспектісінде көзделетін тәртіппен Облигацияларды сатып алуды жүзеге асырады.

Бұл облигациялар әлеуметтік облигациялар, тұрақты даму облигациялары, тұрақты дамуға байланысты облигациялар немесе инвестициялық облигациялар болып табылмайды.

*Тұрақты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда, мыналар сипатталады:*

*Эмитент қол жеткізудің алдын ала белгілеген мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері,*

*көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі;*

*Эмитент оларға қол жеткізген жағдайда күшіне енетін, орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары;*

*Эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері.*

Қолданылмайды. Облигациялар тұрақты даму облигациялары болып табылмайды.

*Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға жіберілетін инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі.*

Қолданылмайды. Облигациялар инвестициялық облигациялар болып табылмайды.

- 18. Өтеу мерзімі өткен Эмитент бұрын орналастырған (Эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигациялар шығарылған кезде осы облигациялар шығарылымының мемлекеттік тіркелген күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.**

Облигацияларды төлеу Эмитенттің бұрын орналастырылған Облигациялары бойынша талап ету құқықтарымен жүзеге асырылмайды.

- 19. Облигациялар ұстаушыға берілетін құқықтар:**

Облигациялар ұстаушылардың келесі құқықтары бар:

- осы аңдатпада көзделген мерзімдерде номиналды құнды алу құқығы;
- осы аңдатпада көзделген мерзімдерде сыйақы алу құқығы;
- Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларында және Биржа талаптарында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;



- Облигацияларды иеліктен еркін шығару және басқару құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, оның ішінде осы аңдатпада көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған жағдайда Эмитенттің Облигацияларды мерзімнен бұрын сатып алуын талап ету құқығы;
- Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

*Облигациялар ұстаушылардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, оның ішінде осы аңдатпада көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын талап ету құқығын іске асыру шарттары, тәртібі мен мерзімдері*

Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздердің кез келгені басталған кезде, Эмитент орналастырылған облигацияларды мынадай бағалардың ең үлкені бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті: (1) жиналған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, мемлекеттік емес облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен немесе (2) қор биржасының сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған мемлекеттік емес облигациялардың нарықтық бағасымен (осындай баға болған кезде) немесе (3) Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған бағамен (егер эмитенттің облигациялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналысқа түспесе) сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 18-4 - бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген оқиғалардың кез келгені туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, Эмитенттің ішкі құжаттарында, Биржаның ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіде белгіленген тәртіппен Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигациялар ұстаушылардың Облигацияларын сатып алу туралы хабардар етеді. Көрсетілген хабарламада: (i) Облигацияларды сатып алуға әкелетін көрсетілген оқиғалардың қайсысының орын алғаны туралы ақпарат; (ii) Эмитентке талап қоюмен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, Облигациялар ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал іс-әрекеттерін атап өту; (iii) Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпарат қамтылуы тиіс.

Облигациялар ұстаушылардың кез келгені Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген оқиғалардың кез келгені орын алғаны туралы хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алуды Эмитентке (Эмитенттің орналасқан жерінің мекенжайы бойынша) тиісті жазбаша талап ету жолымен талап етуге құқылы.

Облигациялар ұстаушы жазбаша талапты еркін нысанда мынадай деректемелерді көрсете отырып береді:

- заңды тұлға үшін: Облигациялар ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) берілген күні және берген органы; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;
- жеке тұлға үшін: Облигациялар ұстаушының тегі, аты және бар болса, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні және органы; тұрғылықты жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі.

Өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы Облигациялар ұстаушылардың жазбаша талаптарын қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейінгі күнтізбелік 45 (қырық бес) күн ішінде Эмитенттің Директорлар Кеңесі сатып алу күні және сатып алуға жататын Облигациялардың саны көрсетілген Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Сатып алынатын Облигациялардың санын Эмитент Облигациялар ұстаушылар берген жазбаша сатып алу талаптары негізінде ғана анықтайды.



Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент бұл туралы Облигациялар ұстаушыларға Эмитенттің ішкі құжаттарында, Биржаның ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіде белгіленген тәртіппен Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы хабарлайды.

Эмитент орналастырылған Облигацияларды Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнгізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде сатып алады.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигациялар ұстаушылардың осы проспектіде көрсетілген олардың айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін өздеріне тиесілі Облигацияларды өтеуге құқығы бар.

Эмитент осы аңдатпада көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған жағдайда, сондай-ақ Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда, Эмитенттің өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығын Облигациялар ұстаушылардың іске асыру шарттары, тәртібі мен мерзімдері тиісінше осы аңдатпаның 12 және 20-тармақтарында көзделген.

## **20. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:**

### *20.1. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі:*

Дефолт - Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамауы.

Басталған кезде Облигациялар бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – «**дефолт оқиғасы**») Эмитенттің осы аңдатпада көзделген негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу мерзімдері өткеннен кейін Облигациялар бойынша негізгі борыштың және (немесе) купондық сыйақының сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелерін ішінара және (немесе) толық орындамауы болып табылады.

Егер мұндай төлемеу және (немесе) толық төлемеу Эмитенттің Облигациялар ұстаушылардың банктік шотының анық емес не толық емес деректемелерін алуының, Эмитенттің сыйақы және (немесе) номиналды құнын төлеуді жүзеге асыруын не «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ Облигациялар ұстаушылар тізілімінің Эмитентіне заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімдерде ұсынбауының нәтижесі болса, осы аңдатпада белгіленген мерзімдерде Эмитенттің Облигациялар бойынша сыйақыны және (немесе) номиналды құнын төлемеуі не толық төлемеуі дефолт болып табылмайды.

### *20.2. Облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар:*

Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда Эмитент Облигациялар ұстаушылардың пайдасына ақшалай міндеттеменің немесе оның тиісті бөлігінің орындалған күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл есептеуге және төлеуге міндетті.

Егер бұл орындамау еңсерілмейтін күштер мән-жайларының салдары болып табылса, Эмитент осы аңдатпа бойынша өз міндеттемелерін ішінара және (немесе) толық орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Еңсерілмейтін күштер мән-жайлары деп басталуы болжау немесе алдын алу мүмкін болмаған мән-жайлар (табиғи апаттар, әскери іс-қимылдар, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы уәкілетті органдардың актілері және т.б.) түсініледі. Еңсерілмейтін күштер мән-жайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы аңдатпа бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдарлары қолданылатын уақыт кезеңіне пропорционалды түрде шегеріледі.



Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитент Облигациялар ұстаушылардың (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарының) Облигацияларды (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) сатып алу туралы жазбаша талаптарын сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша қабылдауды жүзеге асыруға міндетті.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Эмитент Облигациялар ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигациялар ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелерден басқа, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және (немесе) Облигациялар ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін қайта құрылымдау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы мәселелер енгізілуге тиіс, ол Облигациялардың көлемін (облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) ескере отырып, олардың ұстаушылары сатып алуға мәлімдеген және (қажет болған жағдайда) Облигациялар шығарылымының аңдатпасының мүмкін болатын өзгерістер жобасы.

Егер Облигациялар ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмейтін және Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіре алмауы туралы шешім қабылданатын болса, сондай ақ өгер Эмитент борышкердің кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімде, Облигациялар ұстаушылардың алынған жазбаша талаптары бойынша Облигациялар және Облигацияларды сатып алу бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда Эмитенттің және Облигацияларды немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың одан арғы әрекеттері оңалту және банкроттық саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигациялар ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілетін болса, Эмитенттің Директорлар кеңесі облигация оны ұстаушыға беретін құқықтарды ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

- 20.3. *Эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактілері туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі.*

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент осындай Дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою және Облигациялар ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күшін салады. Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда Эмитент Дефолт оқиғасы туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, Эмитент бұл туралы Облигациялар ұстаушыларға Эмитенттің ішкі құжаттарында, Биржаның ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіде белгіленген тәртіппен Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигациялар ұстаушыларға дефолт оқиғасы туралы хабарлайды. Хабарлама келесілерді қамтуы керек:



- i. дефолт фактісі туралы ақпарат;
- ii. дефолт туындаған күнге Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі;
- iii. Дефолт оқиғасына әкелген міндеттемелерді орындамау себептері;
- iv. Облигациялар ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал іс-әрекеттерін, соның ішінде Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін атап өту;
- v. Дефолт оқиғасының басталуына шшақырған себептерді жою үшін Эмитент қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;
- vi. Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Өзге заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашу көзделмеген.

*20.4. Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні:*

Эмитент Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылық артатын тұлғалар жоқ.

**21. Облигациялар өтелгенге дейінгі сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлінісінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы.**

Эмитенттің ақша қаражаты көздері мен ағындарының болжамы осы аңдатпаның №1 қосымшасында берілген.

**22. Эмитенттің облигациялар ұстаушыларының өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):**

- 1) облигацияларды ұстаушылар өкілінің толық және қысқартылған атауы;
- 2) облигацияларды ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері;
- 3) эмитенттің облигациялар ұстаушылардың өкілімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмеген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық болып табылмайды, осыған байланысты Облигациялар ұстаушылардың өкілі көзделмеген.

**23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):**

- 1) төлем агентінің толық атауы;
- 2) төлем агентінің және оның бағалы қағаздар бойынша кірістерді (облигациялардың номиналды құнын) төлейтін барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, деректемелері;
- 3) төлем агентімен жасалған шарттың күні мен нөмірі.

Сыйақы төлеуді және Облигацияларды өтеуді Эмитент төлем агентінің қызметтерін пайдаланбай дербес жүзеге асырады.

**24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (егер Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізімінде қосу және табу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету туралы шарт жасасу жөніндегі міндет белгіленген жағдайда):**

*24.1. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және табу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:*

Кеңесші – 1:



- толық атауы: «SkyBridge Invest» Акционерлік қоғамы;
- қысқартылған атауы: «SkyBridge Invest» АҚ

Кеңесші – 2:

- толық атауы: «BCC Invest» Акционерлік қоғамы - «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы;
- қысқартылған атауы: «BCC Invest» АҚ

24.2. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және табу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері:

Кеңесші – 1:

- орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әбіш Кекілбайұлы даңғылы, 34;
- байланыс телефондарының нөмірі: 87 (727) 331 33 50.

Кеңесші – 2:

- орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Панфилов к-сі, 98, Б блогы;
- байланыс телефондарының нөмірі: 8 (727) 244 32 30, 8 (727) 244 32 32.

24.3. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және табу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлға мен эмитенттің шартының күні мен нөмірі:

Қаржы кеңесшісі және андеррайтер қызметтерін көрсетуге арналған 15 наурыз 2023 жылғы шарт.

24.4. Егер эмитенттің пікірінше, мұндай мәліметтерді ашу эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болып табылса, эмитенттің өзге консультанттары туралы мәліметтер осы тармақта көрсетіледі:

Эмитент облигациялар шығарған кезде басқа кеңесшілер тартылған жоқ.

**Басқарма Төрағасының Орынбасары**



**Абишева Б. Т.**



**№1 қосымша. Облигациялар өтелгенге дейінгі сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлінісінде сыйақыларды төлеу және негізгі бұрыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы**

*Млрд теңге*

| Күні  | 2023 жылдың 1 жартыжылдығы | 2023 жылдың 2 жартыжылдығы | 2024 жылдың 1 жартыжылдығы | 2024 жылдың 2 жартыжылдығы | 2025 жылдың 1 жартыжылдығы | 2025 жылдың 2 жартыжылдығы | 2026 жылдың 1 жартыжылдығы | 2026 жылдың 2 жартыжылдығы |
|---|----------------------------|----------------------------|----------------------------|----------------------------|----------------------------|----------------------------|----------------------------|----------------------------|
| Депозиттер <sup>1</sup>                             | 685,96                     | 0,00                       | 0,00                       | 0,00                       | 0,00                       | 0,00                       | 0,00                       | 0,00                       |
| Кредиттік портфель бойынша ағын жыны                | 238,12                     | 281,72                     | 220,51                     | 223,39                     | 204,47                     | 230,77                     | 196,33                     | 238,41                     |
| Қарыз портфельі бойынша ағын жыны                   | -190,43                    | -118,24                    | -154,68                    | -202,75                    | -420,38                    | -204,98                    | -340,22                    | -111,14                    |
| Инвестициялық портфель бойынша ағын жыны ағымдағы   | 5,76                       | 7,34                       | 107,40                     | 17,23                      | 9,25                       | 7,11                       | 34,55                      | 45,23                      |
| ЖАН, КТС және НҚ мен МЕС сатып алу бойынша жылыстау | -3,02                      | -4,71                      | 0,00                       | 0,00                       | 0,00                       | 0,00                       | 0,00                       | 0,00                       |
| <b>Барлығы Түсім</b>                                | 929,84                     | 289,06                     | 327,91                     | 240,63                     | 213,73                     | 237,89                     | 230,88                     | 283,64                     |
| <b>Барлығы Жылыстау</b>                             | -193,45                    | -122,95                    | -154,68                    | -202,75                    | -420,38                    | -204,98                    | -340,22                    | -111,14                    |
| ТАЗА ГЭП - ПОЗИЦИЯСЫ                                | 736,39                     | 166,11                     | 173,23                     | 37,88                      | -206,66                    | 32,91                      | -109,34                    | 172,50                     |
| ЖИНАҚТАЛҒАН ҚАЛДЫҚ (+) / АЛШАҚТЫҚ (-)               | 736,39                     | 902,50                     | 1075,73                    | 1113,61                    | 906,95                     | 939,86                     | 830,52                     | 1003,02                    |

[1] О.і. корреспонденттік шоттардағы және «кері РЕПО» операциялары бойынша ақша қаражатының қалдықтары ескеріледі.

[2] Бұл болжамдар топтастырылмаған негізде 01.02.2023 жылға арналған өтімділік деңгейі туралы Есеп негізінде есептелген.

[3] ЖАН, КТС және НҚ мен МЕС сатып алу бойынша ағындар 2023 жылға дейін әзірленген даму жоспарынан алынған.







**Банк развития  
Казахстана**

**ПРОСПЕКТ ПЕРВОГО ВЫПУСКА  
НЕГОСУДАРСТВЕННЫХ ОБЛИГАЦИЙ В ПРЕДЕЛАХ  
ДЕВЯТОЙ ОБЛИГАЦИОННОЙ ПРОГРАММЫ**

**Полное наименование Эмитента: Акционерное общество «Банк Развития Казахстана»**

**Сокращенное наименование Эмитента: АО «Банк Развития Казахстана»**

